

**Неміс тілі пәні бойынша Ұлттық бірыңғай тестілеуге және
кешенді тестілеуге арналған тест спецификациясы
(2018 жылдан бастап Ұлттық бірыңғай тестілеуде және
кешенді тестілеуде қолдану үшін бекітілген)**

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты және жалпы білім беретін пәндердің оқу бағдарламаларына сәйкес құрастырылған құжат.

1. Мақсаты: Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарына қабылдау үшін түсушілердің неміс тілі пәні бойынша дайындық деңгейін анықтау.

2. Тест мазмұны: Тест 3 деңгейде берілген 30 тест тапсырмасынан тұрады: бірінші деңгейде –15, екінші деңгейде – 8, үшінші деңгейде – 7 тапсырма.

Тест жалпы білім беретін мектептерге арналған оқу бағдарламасына сәйкес неміс тілі пәні бойынша оқу материалдарынан тұрады.

№	Бөлім	№	Тақырып	№	Тақырыпша
01	Морфология	01	Етістік	01	Етістік. Етістіктің негізгі формалары. Әлді етістіктің негізгі формалары. Әлсіз етістіктің негізгі формалары. Етістіктің ережеге бағынбайтын түрінің негізгі формалары. Ырықсыз етістің шақ формалары. Осы шақ түрі. Жай өткен шақ түрі: Претеритумпассив. Күрделі өткен шақ түрі: Перфектпассив. Күрделі өткен шақ түрі: Плюсквамперфектпассив. Келер шақ. Көмекші етістіктер. Бұйрық рай. Партицип I, II. Партицип I-анықтауыш не пысықтауыш қызметінде. Партицип II-анықтауыш қызметінде. Инфинитив оралымдары. haben/sein+Infinitiv етістік тіркесі. Инфинитив оралымдары: um... zu+Infinitiv; ohne ...zu +Infinitiv; anstatt ... zu+ Infinitiv
				02	Етістіктің меңгерілуі Табыс септігін меңгеретін етістіктер. Барыс септігін меңгеретін етістіктер. Табыс және барыс септігін меңгеретін етістіктер
				03	Модаль етістіктер
		02	Қызметтік сөз таптары	01	Артикль. Белгілілік артиклінің қолданылуы Белгісіздік артиклінің қолданылуы Артикльдің қолданылмауы. Сұрау сөздер. Предлогтар. Барыс септігін қажет ететін предлогтар. Табыс септігін қажет ететін предлогтар. Барыс және табыс септігін қажет ететін предлогтар. Ілік септігін қажет ететін предлогтар
		03	Зат есім	01	Зат есім. Род категориясы. Maskulin зат есімдері. Feminin зат есімдері. Neutrum зат есімдері. Зат есімнің көпше түрінің жасалуы Зат есімнің көпше түрі. Зат есімнің септелуі. Зат есімнің әлді септелуі. Зат есімнің әлсіз септелуі. Женский род зат есімнің септелуі. Зат есімнің ерекше септелуі. Зат есімнің көпше түрде септелуі
		04	Сын есім мен үстеу	01	Сын есім. Сын есімнің септелуі. Сын есімнің әлсіз, әлді септелуі. Сын есімнің және үстеудің белгісіз артикльден, тәуелдік есімдіктерден және

					болымсыз есімдік «kein»-нен кейін септелуі. Сын есімнің шырайлары. Үстеу: құрылуы, үстеу шырайлары, үстеу есімдіктері
		05	Есімдік	01	Есімдік. Жіктік есімдік. Тәуелдік есімдік. Сілтеу есімдік. Өздік есімдік «sich». Болымсыз есімдік. Қатыстық есімдік. Жақсыз есімдік «es» және белгісіздік есімдік «man»
		06	Сан есім	01	Сан есім. Реттік, есептік, бөлшектік
02	Синтаксис	01	Сөйлем	01	Сөйлемдегі сөз тәртібі
				02	Сабақтас құрмалас сөйлемдер. Мезгіл бағыныңқы сөйлем. Себеп бағыныңқы сөйлем. Мақсат бағыныңқы сөйлем. Толықтауыш бағыныңқы сөйлем. Анықтауыш бағыныңқы сөйлем. Салалас құрмалас сөйлем.
03	Лексика мен аударма	01	Лексика мен аударма	01	Лексика мен аударма
04	Мәтінмен жұмыс	01	Мәтінмен жұмыс	01	Мәтінмен жұмыс
				02	Шағын диалог
05	Елтану	01	Елтану	01	Германия, неміс тілінде сөйлейтін елдер
				02	Қазақстан

3. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:

Морфология- лингвистикалық білімдерін сөзге қатысты қолдана білу.

Синтаксис:- тілдік материалға қатысты лингвистикалық білімдерін қолдана білу;

- неміс тілінің пунктуациясы (мағыналық, синтаксистік, коммуникативтік);

- ауызша сөйлеуде өтілген сөйлемдердің коммуникативтік және құрылымдық типтерін қолдану (сабақтас сөйлем - салалас құрмалас сөйлем), (obwohl, obgleich) бағыныңқы сабақтас сөйлемнің жасалуы;

Лексика мен аударма: - мәтінді толық немесе таңдап аудару (ауызша және жазбаша);

- мәтіндік талдаулар негіздерін меңгеру, авторлық ойды түсіндіру, қорытынды жасай білу;

- оқылған мәтін бойынша өз көзқарасын (мәтінде көтерілген мәселе бойынша маңыздылығы, мәселеге қатыстылығы) білдіріп, алған ақпаратты ауызша сөйлесуде қолдана білу;

-жана тақырыптарға байланысты лексикалық бірліктер, ауызша және жазбаша қарым-қатынастың жағдайлары мен проблемаларын білу (150 лексикалық бірлік);

-оқу және тыңдауға арналған жалпы лексикалық бірлік – 2100-2300 лексикалық бірлік болуы тиіс;

- сөзге қатысты лингвистикалық білімдерін ауызша сөйлеуде қолдана білу;

Мәтінмен жұмыс: - түпнұсқа мәтіндердің негізгі мазмұнын түсіне отырып оқу (тақырыпты анықтау, негізгі ойды анықтау, басты фактілерді көрсету, мәтіннің негізгі фактілерінің логикалық реттілігін орнату);

- қажет ақпаратты таңдау арқылы мәтінді түсініп оқу;

- әр түрлі жанрдағы аутентивті мәтіндерді толық және нақты түсініп оқу.

Елтану: - оқып отырған елдің мәдени мұрасы туралы білімін тексеру;

- қоғамның түрлі топтарының тұрмыс жағдайына қатысты;

- сапалы білім алу мүмкіндіктері, құнды бағдар;

- полимәдениетті қоғамның өмір сүру ерекшеліктерін білу.

4. Тапсырма формасы:

Тест ұсынылған бес жауап нұсқасынан бір ғана дұрыс жауапты таңдауға арналған 20 тест тапсырмасынан және бірнеше жауап нұсқасынан бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған 10 тест тапсырмасынан тұрады.

5. Жеке тапсырмалар мен жалпы жұмысты бағалау:

Бір дұрыс жауабы бар тест тапсырмасы дұрыс орындалғанда 1 балмен, дұрыс орындалмағанда – 0 балмен бағаланады.

Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар (3 дұрыс жауаптан артық емес) тест тапсырмалары төмендегідей жолмен бағаланады:

- бір дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында дұрыс жауапты таңдағанда екі балмен;

- бір дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында дұрыс жауапты және бір дұрыс емес жауапты таңдағанда бір балмен;

- бір дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында екі немесе одан да көп дұрыс емес жауапты таңдағанда нөл балмен;

- екі дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында екі дұрыс жауапты таңдағанда екі балмен;

- екі дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында бір дұрыс жауапты таңдағанда бір балмен;

- екі дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында бір дұрыс жауапты және бір дұрыс емес жауапты таңдағанда бір балмен;

- екі дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында екі дұрыс жауапты және бір дұрыс емес жауапты таңдағанда бір балмен;

- екі дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында екі немесе одан да көп дұрыс емес жауапты таңдағанда нөл балмен;

- үш дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында үш дұрыс жауапты таңдағанда екі балмен;

- үш дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында екі дұрыс жауапты таңдағанда бір балмен;

- үш дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында екі дұрыс жауапты және бір дұрыс емес жауапты таңдағанда бір балмен;

- үш дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында үш дұрыс жауапты және бір дұрыс емес жауапты таңдағанда бір балмен;

- үш дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында тек бір дұрыс жауапты немесе екі және одан да көп дұрыс емес жауапты таңдағанда нөл балмен бағаланады.

Тест тапсырмасы толығымен орындалғанда түсуші 40 балл жинайды.